

Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес, азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік қызмет көрсетулерге жылдам әрі сапалы қолжетімділігін қамтамасыз ету және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану жолымен мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігін арттыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі жарты жылда бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүктелсін.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 10, 108-құжат; 2003 ж., N 44, 472-құжат) күші жойылды деп танылсын.

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2004 жылғы 10 қарашадағы
N 1471 Жарлығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет"
қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ**

Астана, 2004 жыл

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Әзірлеу үшін негіз Қазақстан Республикасы Президентінің "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" атты 2004 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы

Әзірлеуші байланыс агенттігі Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

Мақсаты Азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік қызмет көрсетулерге жылдам әрі сапалы қолжетімділігін қамтамасыз ету, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану жолымен мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігін арттыру

Міндеттері Мемлекетке, азаматтар мен ұйымдарға ақпараттық қоғам жағдайында жұмыс істеуге мүмкіндік беретін нормативтік құқықтық және әдіснамалық база құру;
мемлекеттік органдардың электрондық қызмет көрсетулерін қалыптастыру және дамыту;
"электрондық үкіметтің" қызмет көрсетулеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету, ақпараттық теңсіздікті жою және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында білім деңгейін көтеру

жөнінде жұмыстар ұйымдастыру;
е-үкімет инфрақұрылымының базалық құрамдас
бөліктерін қалыптастыру және мемлекеттік
органдардың ақпараттық инфрақұрылымын
оңтайландыру;

"электрондық үкіметтің" ақпараттық

инфрақұрылымын қорғауды қамтамасыз ету

Іске асыру
мерзімі

2005-2007 жылдар

Қаржыландыру.
дың қажетті
ресурстары мен
көздері

Бағдарламаны іске асыруға 2005-2007 жылдары республикалық бюджеттен (мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын құруға арналған 31,9 млрд. теңге көлеміндегі шығынды қоса алғанда), 51,9 млрд. теңге көлемінде бөлінетін қаражат берілетін болады, оның ішінде 2005 жылға - 4,5 млрд. теңге, 2006 жылға - 25,3 млрд. теңге, 2007 жылға - 22,1 млрд. теңге; ақпараттандыру жөніндегі бағдарламаларды іске асыратын жергілікті бюджеттердің жылына шамамен 150,0 млн. теңге көлеміндегі қаражаты; жекеше инвестициялар, халықаралық және отандық қаржы ұйымдарының гранттары

Күтілетін
нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде: мемлекеттік органдардың әкімшілік рәсімдерін оңтайландыру үшін жағдайлар жасалатын болады және ақпараттық жүйелер мен мемлекеттік ресурстарды ықпалдастыру жүзеге асырылады; мемлекеттік органдардың бірыңғай қорғалған мультисервистік көліктік ортасы ұйымдастырылатын болады. Жоба іске асырылғаннан кейінгі 8 жылдың ішінде бюджеттік қаражатты үнемдеу есебінен инвестицияларды қайтару болжанып отыр; мемлекеттік органдарды ақпараттандыруға арналған шығыстар оңтайландырылатын болады; 2005 жылдың ішінде мемлекеттік органдар ұсынатын қызмет көрсетулердің 15 %-ы электрондық нысанда іске асырылатын болады; мемлекеттік қызмет көрсетулер уақыты қысқартылады;

2006 жылы мемлекеттік органдардың бірыңғай электрондық құжат айналымы жүйесін енгізуі аяқталады;

2007 жылдың аяғына қарай:

"электрондық үкіметтің" базалық құрамдас бөліктері құрылатын болады, оған е-үкіметтің порталы мен шлюзі, "төлем шлюзі", ұлттық сәйкестендіру жүйесі, мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы, жүйеқұраушы деректер базасы жатады;

ұлттық сәйкестендіру жүйесін құру шеңберінде азаматтың жеке басының куәлігінің нөмірін, салық төлеушінің тіркеу нөмірін, азаматтың әлеуметтік жеке код және басқаларын біріктіретін сәйкестендіру нөмірлері жүйесін қолданысқа енгізуге көшу жүзеге асырылатын болады;

мемлекеттік органдардың электрондық қызмет көрсетулеріне неғұрлым кең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында кемінде 50 арнаулы пункт құрылатын болады;

25 интерактивті қызмет көрсетулер ұсынылатын болады, сондай-ақ транзакциялық қызмет көрсетулерді іске асыру үшін жағдай жасалады, мемлекеттік органдардың электрондық қызметтерін пайдаланатын азаматтар мен ұйымдардың үлесі 2-3 есеге ұлғайтылады;

ұлттық бірегейлендіру жүйесі құрылатын болады, Қазақстан Республикасының экономикалық белсенді халқының 15-18 %-ы смарт-технологиялар негізінде жаңа үлгідегі жекебас куәліктерін алады;

мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері мен ресурстарын тиімді қорғау қамтамасыз етілетін болады;

салық төлеушілер мен фискалды органдардың өзара іс-қимыл рәсімдерін жеңілдету есебінен салықтар мен бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді жинау ұлғайтылады;

пайдаланушылардың компьютерлік білімділік деңгейін 2004 жылмен салыстырғанда Қазақстанның кәмелетке толған жұртшылығы санының 26,5%-ына көтеру жоспарланып отыр; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 ақпандағы N 168 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде қоғамдық қолжетімді пункттер үшін арнайы тарифтер белгіленіп, оны одан әрі 2 есеге төмендету үшін жағдайлар жасау жоспарлануда; тұрғыны 50 адамнан асатын 7523 ауылдық елді мекеннің барлығына телефон орнатып, телефонның жиілігін 100 тұрғынға шаққанда 9 телефонға дейін жеткізу жоспарлануда; 2007 жылдың аяғына қарай Интернетке қосылған мектептер санын 100 %-ға жеткізу жоспарланып отыр; ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы білім деңгейін көтеру шеңберінде мектептердегі 1 компьютерге шаққанда оқушылар санын 54-тен 36-ға дейін төмендету, қашықтан оқыту спутниктік арнасына қосылған мектептер санын 8,7%-дан 20,8%-ға ұлғайту жоспарланып отыр.

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" атты 2004 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 маусымдағы отырысында N 9 хаттамамен мақұлданған Қазақстан Республикасындағы "электрондық үкімет" тұжырымдамасының ережелері ескеріле отырып әзірленді.

Осы Бағдарламаның негізіне "электрондық үкімет" арқылы - прогрессивті ақпаратты Қазақстанға" қол жеткізу идеясы алынды.

Қазақстанда "электрондық үкіметті" қолданысқа енгізу мемлекеттік органдардың азаматтар мен ұйымдарға ұсынатын қызмет көрсетулер сапасын жақсартуға және мерзімін қысқартуға, мемлекеттік органдар қызметінің ақпараттық базасына қолжетімділікті қамтамасыз етуге, болашақта әкімшілік жүйені жетілдіруді ескере отырып, құрамы жағынан тиімді әрі оңтайлы мемлекеттік аппарат құруға бағытталған.

"Электрондық үкімет" құрудың басты басымдықтары Интернет-байланысқа қолжетімділікті қамтамасыз ету, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында білім деңгейін көтеру, сондай-ақ мемлекеттік басқару жүйесіне жаңғырту жүргізу болып табылады.

Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуді қалыптастыру кезінде әкімшілік процестерге технологиялық қайта жабдықтау жүргізу көзделетін болғандықтан, "электрондық үкімет" құру сонымен қатар мемлекеттік басқару жүйесін ұдайы жетілдіріп отыруға мүмкіндік береді.

Әлемдік тәжірибені талдауды ескере отырып, Қазақстанда "электрондық үкімет" құрудың ұзақ мерзімді болашағы бар және ол үш кезеңде іске асырылатын болады.

Бірінші кезең "электрондық үкіметтің" инфрақұрылымын құру. Аталған кезең шеңберінде осы Бағдарламаны іске асыру "электрондық үкіметтің" шлюзі мен порталы, банк жүйесімен өзара іс-қимыл үшін "төлем шлюзі", ұлттық бірегейлендіру жүйесі, мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы, орталық және жергілікті атқарушы органдардың ведомствоаралық және үлгілік жүйесін құру мен дамыту, сондай-ақ электрондық қызмет көрсетулерге қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жүргізу, ақпараттық теңсіздікті жою және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында білім көтеру жөнінде жұмыстар ұйымдастыру сияқты базалық құрамдас бөліктерді құруға бағыттталатын болады.

Осы кезеңде Бағдарламаны іске асыру шеңберінде ақпараттық және интерактивтік қызмет көрсетулер жоспарлануда.

Екінші кезең - "электрондық үкіметтің" сервисін дамыту азаматтардың тіршілік-тынысы мен мемлекеттік органдардың жұмыс істеуінің барлық саласын қамтитын сан алуан сервистерді дамытуға, сондай-ақ әкімшілік процестерге кең ауқымды технологиялық қайта жабдықтау жүргізуге бағыттталатын болады. Осы кезеңде транзакционды қызмет көрсетулер іске асырылатын болады.

Үшінші кезең - ақпараттық қоғам құру е-медицина, е-білім, е-мәдениет, е-демократия және басқалары сияқты жобаларды іске асыруды қоса алғанда мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызмет көрсетулерін трансформациялауды, ақпараттық қоғам құруды көздейді.

Осы Бағдарламаны іске асырудың бірінші кезеңінің аяқталу қортындысы

бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі республикада "электрондық үкіметті" дамыту жөніндегі бағдарламалық құжатты одан әрі әзірлеу туралы шешім қабылдайтын болады.

Осы Бағдарламада жағдайлар жасауға және "электрондық үкіметтің" мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға бағытталған шаралар көзделеді, олар мынадай шешуші сәттерге шоғырландырылатын болады:

1) "электрондық үкімет" пен оны пайдаланушылардың жұмыс істеуін реттейтін нормативтік құқықтық базаны дамыту.

Бұл тұрғыда "электрондық үкімет" құру мемлекеттік қызмет көрсетулер регламенттерін талдауды көздейді, мұның өзі әкімшілік рәсімдерге технологиялық қайта жабдықтау жүргізу мен мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту тетіктерінің бірі болып табылады;

2) халықты "электрондық үкімет" мүмкіндіктеріне тарту, яғни білім алу және ақпарат теңсіздігін еңсеруге, электрондық іс-қимыл рәсімдерін орындау мен халықтың қалың жігі үшін "электрондық үкімет" қызмет көрсетулеріне қолжетімділікті ұйымдастыру үшін қоғамды қажетті білімділік деңгейімен қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды іске асыру қажеттілігі;

3) мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде әкімшілік процестерді стандарттау мен нысандандыруды, сондай-ақ мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мен басқарудың бірыңғай саясатын әзірлеу мен іске асыруды білдіретін мемлекеттік органдарды ақпараттандыру.

"Электрондық үкіметтің" инфрақұрылымын қалыптастыру екі өзара байланысты, бірақ функциялық дербес контурларды іске асыру жағдайында мүмкін болады.

Ішкі контур "үкімет-үкімет" үлгісіндегі өзара қарым-қатынастарды қамтиды және ведомствоаралық әкімшілік рәсімдерге қызмет көрсететін ақпараттық жүйелерді құрайды.

Сыртқы контур "үкімет-азаматтар" және "үкімет-ұйымдар" үлгісіндегі өзара қарым-қатынастарды қамтиды және мемлекеттің азаматтармен және ұйымдармен өзара іс қимылын қамтамасыз етеді.

Бағдарламада Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі ережелері ескеріледі және салааралық сипатта болады.

Бағдарламада мынадай ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

е-қызмет - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көрсетулер құралдарымен жүзеге асырылатын қызмет көрсетулер;

е-үкімет - мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану жолымен азаматтар

мен ұйымдарға қызмет көрсетулерді ұсынуға барынша бағдарланған жұмыс істеу тетігі;

мемлекеттік қызмет көрсетулер - мемлекеттік органдардың азаматтар мен ұйымдарға көрсететін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әкімшілік рәсімдерді атқаруға бағытталған қызмет көрсетулер;

АКТ - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;

е-банкинг - интернет арқылы қолжетімділікті ұйымдастыру жолымен банк шоттарын басқару;

ақпараттық теңсіздік - білім мен ақпаратқа қолжетімділігінің әртүрлі деңгейіне байланысты халықтың түрлі әлеуметтік топтарының АКТ-ны пайдалану мүмкіндіктерінің теңсіздігі;

е-қызмет көрсетулерді жеткізушілер субъектілері; - АКТ құралдарымен қызмет көрсететін мемлекеттік органдар, ұйымдар және өзге де шаруашылық субъектілері;

е-қызмет көрсетулерді тұтынушылар - азаматтар, мемлекеттік органдар, ұйымдар және өзге де шаруашылық субъектілері;

е-қызмет көрсетулер регламенті - түпкі нәтижесі е-қызмет көрсетулерді жеткізушілердің функциялық мақсаттарына қол жеткізу болып табылатын әкімшілік және өзге де процестерді жүзеге асыруға бағытталған жүйелі іс-әрекеттер жиынтығы.

3. Мемлекеттік органдарды ақпараттандырудың қазіргі жай-күйін талдау

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында әртүрлі қызмет салаларында АКТ-ны дамыту мен қолдануға бағытталған іс-шаралар кешені кеңінен іске асырылуда. Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданғаннан кейін мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құру жөніндегі жұмыстар ж а н д а н а т ү с т і .

Мемлекеттік органдардың автоматтандырылған ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай электрондық құжат айналымы жүйесін енгізу негізінде мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру жүзеге асырылуда. "Жеке тұлғалар", "Заңды тұлғалар", "Мекенжай тіркелімі", "Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған жүйесі", "Жылжымайтын

мүлік тіркелімі", "Салық төлеушілер мен салық салынатын объектілер тізілімі" деген мемлекеттік дерек қорларын, сондай-ақ "Электрондық мемлекеттік сатып алу орталығы" ақпараттық жүйесін құру жөнінде іс-шаралар орындалуда.

Мемлекеттік органдардың Интернетте электрондық өкілдіктер құру жолымен ақпараттар ұсынуын 42 мемлекеттік органның 32-сі жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсетулердің 170 түріне жүргізілген талдау нәтижесі бойынша е-үкіметтің 85 е-қызмет көрсетулерінен тұратын, осы Бағдарлама шеңберінде іске асырылатын базалық қызмет көрсетулер тізбесі қ а л ы п т а с т ы р ы л д ы .

Жекелеген мемлекеттік органдар интерактивті қызмет көрсетулерді іске асыруға көшуде. Қазіргі уақытта нақты уақыт режимінде электрондық цифрлық қолтаңба тетіктерін пайдалана отырып, байланыстың электрондық арналары бойынша барлық салық есептерін беруге, сондай-ақ мемлекеттік бюджетпен өзара есеп айырысуларға салыстыру жүргізуге болады, бұл Қазақстанды ТМД елдері арасында бөліп көрсетіп отыр. Әлеуметтік төлем алушылардың деректер банкін құру, әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау және төлеу, жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі есепке алу мен талдау жөніндегі процестерді автоматтандыру, сондай-ақ әлеуметтік сақтандыру және мүгедек адамдардың дерек қорын құру саласындағы ақпараттық жүйелер дамуда.

Е-үкімет элементтері жергілікті атқарушы органдардың кейбір ақпараттық жүйелерінде де бар. Алматы қаласы әкімдігінің жанында азаматтарды тұрғылықты жерлері бойынша тіркеу, жылжымайтын мүлік объектілерін, автокөліктерді, халықтың көші-қон жөніндегі деректерін және басқаларды тіркеуді іске асыратын ақпараттық ресурстармен және ақпараттық жүйелермен өзара іс-әрекетті қамтамасыз ететін бірыңғай ақпараттық жүйе құрылған.

Мемлекеттік басқаруды ақпараттандыру бөлігінде белгілі бір проблемалар да б а р , о л а р :

ақпараттандыру саласындағы нормативтік құқықтық базаның жетілмегендігі; ведомствоаралық ақпараттық жүйелерді қалыптастыру жөніндегі функциялар мен жауапкершілікті бөлуді регламенттеудің болмауы; көптеген мемлекеттік органдарда ақпараттандыру қызметтерінің болмауы және ақпараттық технологиялар саласында мемлекеттік қызметшілердің біліктілік деңгейінің жеткіліксіздігі.

Қазіргі уақытта ақпараттық қоғам қалыптастырудағы ең басты кедергілердің бірі - ақпараттық теңсіздік деп аталатын кедергіні жою өзекті мәселе болып отыр .

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын

іске асыру барысында Қазақстанда "Ақпараттандыру туралы", "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының заңдарынан, басқа да заңға тәуелді актілер мен жүйекұраушы ақпарат жүйелерінен, атап айтқанда:

"Жеке тұлғалар", "Заңды тұлғалар", "Атаулы тіркелім", "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" дерек қорларынан;

электрондық құжаттар айналымының ақпараттық жүйелерінен, электрондық м ұ р а ғ а т т а р д а н ;

Үкіметтің веб-порталынан;

е-үкіметтің элементтері (ықпалдастырылған салықтық ақпараттық жүйе, салық төлеушілер мен салық салынатын объектілер тізілімі, кедендік автоматтандырылған ақпараттық жүйе, Зейнетақылар төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың ақпараттық жүйесі және басқалар) бар ведомстволық ақпараттық жүйелерден тұратын, нормативтік құқықтық базаны қамтитын е-үкімет құру үшін база қалыптастырылды.

Іске асырылуы Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасында тиісті қаржыландыру көлемімен 2005 жылы көзделген іс-шаралар олардың негізгі мақсаты е-үкіметтің негізін құрайтын инфрақұрылымның құрамдас бөліктерін құру болып табылатындықтан, осы Бағдарламаның шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік қызмет көрсетулерге жылдам әрі сапалы қолжетімділігін қамтамасыз ету және АКТ-ны кеңінен қолдану арқылы мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігін арттыру болып табылады.

Аталған мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді орындау керек: мемлекетке, азаматтар мен ұйымдарға ақпараттық қоғам жағдайларында жұмыс істеуге мүмкіндік беретін нормативтік құқықтық және әдіснамалық база құру ;

мемлекеттік органдардың е-қызмет көрсетулерін қалыптастыру мен дамыту; е-үкіметтің қызмет көрсетулеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету, ақпараттық теңсіздікті жою және АКТ саласында білім деңгейін арттыру жөнінде жұмыстар ұйымдастыру ;

е-үкімет инфрақұрылымының базалық құрамдас бөліктерін қалыптастыру және мемлекеттік органдардағы ақпараттық инфрақұрылымды оңтайландыру; е-үкіметтің ақпараттық инфрақұрылымын қорғауды қамтамасыз ету.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Бағдарламаны іске асыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады :

- 1) нормативтік құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз етуді жетілдіру;
- 2) мемлекеттік органдардың е-қызмет көрсетулерін қалыптастыру мен дамыту ;
- 3) е-үкіметтің қызмет көрсетулеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету, ақпараттық теңсіздікті жою және АКТ саласында білім деңгейін арттыру жөнінде жұмыстар ұйымдастыру ;
- 4) е-үкіметтің порталы мен шлюзін, банк жүйесімен өзара іс-қимыл үшін " төлем шлюзін" ұлттық бірегейлендіру жүйесін, мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын қамтитын е-үкімет инфрақұрылымының базалық құрамдас бөліктерін қалыптастыру ;
- 5) ведомствоаралық және үлгілік ведомстволық ақпараттық жүйелер құру және дамыту ;
- 6) жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық ресурстары мен жүйелерін құру және дамыту ;
- 7) халықаралық стандарттар базасында е-үкіметтің ақпараттық инфрақұрылымын қорғауды қамтамасыз ету ;
- 8) Бағдарламаны орындауда қоғамдық қолдауды қамтамасыз ету.

5.1. Нормативтік құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз етуді жетілдіру

Нормативтік құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз етуді дамыту қоғамның ақпараттық қажеттіліктерін қамтамасыз ету, е-қызмет көрсетулерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, құзыретін белгілеу, сондай-ақ е-үкіметтің жұмыс істеу жағдайларында мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру бөлігінде ақпараттандыру саласындағы қатынастарды реттеуге бағытталатын болады .

Нормативтік құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз етуді жетілдіру жөніндегі іс-шараларды іске асыру жүйелілік, объективтілік және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарының нормаларына сәйкес принциптері бойынша жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік органдардың е-қызметтер көрсетуі үшін құқықтық негіз қалыптастыру мақсатында ақпараттандыру саласындағы әртүрлі аспектілерді реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына талдау жасау

жүзеге асырылатын болады және е-үкіметтің жұмыс істеу тәртібі мен жағдайларын айқындайтын нормативтік құқықтық актілер кешені әзірленеді.

Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру мақсатында е-қызмет көрсетулерді қалыптастыру кезінде мемлекеттік қызмет көрсетулер мен әкімшілік процестерді жүзеге асыру регламенттеріне талдау жүргізілетін болады, соның негізінде тиісті нормативтік құқықтық актілер әзірленеді.

Базалық құрамдас бөліктер мен ведомстволық ақпараттық жүйелерді құрған кезде бірыңғай көзқарасты жүзеге асыру және олардың үйлесімділігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің деректері мен сервистерін ықпалдастыру бірыңғай тетігін қамтамасыз ететін ұлттық технологиялық стандарттар әзірлеуді және/немесе халықаралық технологиялық стандарттар қабылдауды көздейтін е-үкімет инфрақұрылымының бірыңғай әдіснамалық базасы әзірленетін болады.

5.2. Е-үкіметтің қызмет көрсетулеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету, ақпараттық теңсіздікті жою және АКТ саласында білім деңгейін көтеру жөнінде жұмыстар ұйымдастыру

АКТ-ны пайдалануда халықтың түрлі әлеуметтік топтары мүмкіндіктерінің тең болмауы е-үкіметтің бастамаларын іске асырудағы негізгі кедергілердің бірі болып табылады. Ақпараттық теңсіздіктің жоғары дәрежелі басымдығы бар әлеуметтік проблема екенін мойындау және оны рет-ретімен жою стратегиясын әзірлеу қажет.

АКТ саласындағы кәсіби білімді жетілдіру жолымен "адами капиталға", әсіресе өскелең ұрпаққа инвестиция салу әлеуметтік-экономикалық проблемаларды еңсерудің басты бағыты болып табылады.

АКТ саласында білімді көтеру мен компьютерлік сауаттылықтың бірыңғай саясаты іске асырылатын болады, ол мынадай іс-шаралар орындауды көздейді:

ақпараттық қоғамның қажеттіктеріне байланысты жаңа мамандықтар енгізу мақсатында жоғары және орта арнаулы білім беру деңгейлерінде оқу бағдарламаларын қайта қарау;

білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқыту бағдарламаларының тізбесіне "электрондық үкімет" шеңберінде оқыту курстарын енгізу;

ұлттық оқу бағдарламаларына сәйкес жалпы білім беретін мектептерге арналған электрондық көмекші оқу құралдары кешенін және АКТ бойынша оқыту бағдарламаларын әзірлеу;

білім беру саласын ақпараттандыру мен қашықтықтан оқыту жүйесін дамытудың нормативтік құқықтық және әдістемелік құжаттарының жобаларын

ә з і р л е у ;

е-үкіметтің порталы арқылы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл негіздерін қашықтықтан оқыту орталығын құру.

Е-үкіметті қалыптастыру мен қолдауды ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-талдау және кадрмен қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметшілердің компьютерлік біліктілігін арттыру семинарлары мен курстарын өткізу мақсатында е-үкіметтің құзырет орталығы құрылады.

Ақпараттық теңсіздікті еңсеру мақсатында мынадай іс-шараларды іске асыру ж о с п а р л а н а д ы :

консультациялық орталықтарды, компьютерлік курстарды қоса алғанда, компьютерлік сауаттылыққа оқытып-үйрететін жалпыға қолжетімді пункттер қ ұ р у ;

жалпы білім беретін мекемелердің Интернетке сенімді әрі арзан қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Е-қызмет көрсетулерге қоғамдық қолжетімділік желісін дамыту қоғамдық сектордың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын, атап айтқанда почта байланысы инфрақұрылымын тиімді пайдалану есебінен қамтамасыз етілетін болады. Пайдаланушылар санатына қарай е-қызмет көрсетулерге ақылы, тегін және жеңілдікті негіздегі қоғамдық қолжетімді пункттер желісі құрылады, бұл халықтың неғұрлым қалың жігін АКТ-ны пайдалануға тартуға мүмкіндік береді. Қоғамдық қолжетімділік пункттерін құру бірінші кезекте "Қазпочта" АҚ, "Қазақтелеком" АҚ құрылымдарын, сондай-ақ мектептерді, кітапханаларды, ойын-сауық орталықтарын, Интернет-кафе желісін қамтиды.

Компьютерлік техника өндірісінің көлемін ұлғайтуды және компьютерлік техника мен лизинг, Интернетке қолжетімділік және провайдерлердің қызмет көрсету тарифтері құнын төмендетуді қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 18 тамыздағы N 1166 Жарлығымен құрылған " Ақпараттық технологиялар паркі" еркін экономикалық аймағының базасында арзан компьютерлік техникалар шығаруды ұйымдастыру жөнінде шаралар қ а б ы л д а н а т ы н б о л а д ы .

Интернетке қолжетімділікті қамтамасыз етудің тағы бір бағыты аудан орталығы деңгейіне дейін цифрлық көліктік орта құру, сондай-ақ ауылдық байланысты қаржыландыру тетігін іске асыру болып табылады. Ауыл халқы үшін телекоммуникациялардың сапалы қызмет көрсетулеріне қолжетімділікке кепілдік беретін мемлекеттік реттеу жүйесі іске асырылып, Үкіметтің 2003 жылғы 18 ақпандағы N 168 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде телекоммуникациялар саласын тұрақты дамыту үшін негіз қ а л а н а т ы н б о л а д ы .

Ақпараттық теңсіздікті еңсеру де мектептерді компьютерлік жаратқандыруды арттыру үшін жағдайлар жасау, Интернетке қосылған мектептер санын ұлғайту, электрондық оқу құралдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ мектептерді қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасына қосу жолымен білім беру жүйесін компьютерлендіру есебінен қамтамасыз етілетін болады. Бұл ретте мемлекеттік органдардың компьютерлік техникасын оларды ауыстырған кезде мектептерге беру тәжірибесін енгізу көзделеді.

Аталған іс-шаралар Үкіметтің 2003 жылғы 18 ақпандағы N 168 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде бірлесіп жүзеге асырылатын болады.

Ақпараттық теңсіздікті жою жөніндегі орындалған іс-шаралар мониторингін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасында ақпараттық қоғамды дамыту индикаторларының әзірленген жүйесі негізінде іріктеліп алынған әлеуметтік сауал салу тұрақты ұйымдастырылатын болады.

Халықаралық бағдарламалар шеңберінде ақпараттық технологияларды пайдалану саласында тәжірибе тарату жөнінде ынтымақтастық жандандырылатын болады.

5.3. Мемлекеттік органдардың е-қызмет көрсетулерін қалыптастыру және дамыту

Е-үкіметтің талаптары ескеріле отырып, мемлекеттік органдардың қызметін ақпараттандыру ведомствоішілік мұқтаждарға бағдарланудан азаматтардың және ұйымдардың мұқтаждары мен міндеттеріне бағдарлануға көшуді жоспарлайды. Мемлекеттік органдардың е-қызмет көрсетулерін қалыптастыру және сату ведомстволық ақпараттық жүйелерді құру мен дамыту шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік органдардың е-қызмет көрсетулер жүйесін қалыптастыру мемлекеттік қызмет көрсетулер мен әкімшілік процестерді жүзеге асыру регламенттеріне функционалдық талдау жүргізу негізінде жүзеге асырылады. Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік басқару жүйесі мен әкімшілік рәсімдерін іске асыруды жаңғырту жөнінде ұсыныстар тұжырымдау жоспарланады.

Осы бағыттағы іс-шараларды жүзеге асыру шеңберінде е-қызмет көрсетулерді сату және е-үкімет инфрақұрылымының базалық құрамдас

бөліктерімен өзара іс-қимыл бөлігінде мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне қойылатын талаптар айқындалатын болады.

Бағдарламаны іске асырудың бастапқы кезеңінде мемлекеттік е-қызмет көрсетулерді әзірлеу, қабылдап алу, сүйемелдеу және дамыту регламенті, сондай-ақ оларды құжаттандырудың стандартты нысаны анықталатын болады.

Мемлекеттік органдардың е-қызмет көрсетулерді ұсынуы қолда бар ведомстволық ақпараттық жүйелерге өзгерістер енгізуді не ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылының стандарттарын ескере отырып, е-үкіметті порталмен біріктіру үшін жаңа ақпараттық жүйелер әзірлеуді қарастырады.

Бағдарлама шеңберінде ведомстволық ақпараттық жүйелер базасында қызмет көрсетулердің 85 түрін (70 ақпараттық және 15 интерактивтік) қамтитын е-қызмет көрсетулер жүзеге асырылатын болады. Транзакциялық қызмет көрсетулерді іске асыру банк жүйесімен өзара іс-қимыл үшін "төлем шлюзін" құрудан кейін жүзеге асырылады.

Азаматтар тыныс-тіршілігінің және ұйымдар жұмысының негізгі салаларына сәйкес осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес е-қызмет көрсетулердің базалық тізбесі қалыптастырылды.

5.4. Е-үкімет инфрақұрылымының базалық құрамдас бөліктерін қалыптастыру

Е-үкімет инфрақұрылымының жұмыс істеуі оның базалық құрамдас бөліктерін құруға негізделетін болады, оларға е-үкіметтің порталы мен шлюзі, "төлемдік шлюз", ұлттық бірегейлендіру жүйесі, мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы жатады.

Е-үкіметтің бірыңғай сәулетін құру мақсатында е-үкімет инфрақұрылымының базалық құрамдас бөлігін қалыптастыру бойынша техникалық тапсырма әзірленетін болады.

Ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің техникалық құралдары мен ведомстволық ақпараттық жүйелердің резервтік орталықтарын орналастыру үшін серверлік орталық ғимаратын салу аяқталады және оны технологиялық жарақтандыру жүзеге асырылатын болады.

5.4.1. Е-үкіметтің порталы мен шлюзін қалыптастыру

Е-үкіметтің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мемлекеттік органдар ақпараттық жүйелерінің е-үкімет порталы және шлюзімен өзара іс-қимыл ықпалдасуын талап етеді. Бұл ретте, ықпалдастырудың негізгі байланыстырушы элементі деректер алмасу кезінде хабарламалардың әмбебап коммуникативтік форматы болып табылады.

Аталған өзара іс-қимыл шеңберіндегі портал е-қызмет көрсетулерінің жеткізушілері мен тұтынушылары арасында ақпарат алмасудың зияткерлік байланыстырушы бөлігі болып табылады.

Порталдың интерфейстік бөлігін құру "бір терезе" принципіне негізделетін болады, ол е-қызмет көрсетулерді ұсынатын бірыңғай интерфейсті, ыңғайлы навигацияны және барлық қолжетімді ақпараттық ресурстар бойынша іздеу тетіктерін қамтамасыз етеді.

Электрондық құжаттар түрінде е-үкімет жүйелерінде айналымда болатын хабарламаларды бірегейлендіруді қамтамасыз ету мақсатында хабарламаларды ресімдеу мен өңдеудің бірыңғай ережелері әзірленетін болады.

Осы хабарламалардың тұтастығы мен сақталуы оларды орталықтандырылған мұрағаттандыру, сондай-ақ резервтік жабдықтарды пайдалану есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Мемлекеттік органдардың жаңа әзірленіп жатқан және қолданыстағы интеграцияланатын ақпараттық жүйелерінің коммуникативтік форматтағы хабарламалармен алмасудың стандартты тетіктері пайдаланылып құрылған ықпалдардың интерфейстері болуы керек немесе солармен толықтырылуға тиіс.

Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің ықпалдасуы мен өзара іс-қимыл қамтамасыз ететін "үкіметтік шлюз" ақпараттық-технологиялық жүйесін іске асыру жүзеге асырылатын болады.

Қазақстан Республикасының ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің мемлекеттік тіркелімін дамыту шеңберінде Қазақстан Республикасындағы е-қызмет көрсетулердің бірыңғай тізілімі жасалады, сондай-ақ тиісті бағдарламалық қамтамасыз етудің қажетті пысықтамалары жүргізілетін болады. Жалпымемлекеттік жіктеуіштер мен анықтамалықтарды жүргізу жүйесі құрылып, одан әрі дамытылатын болады.

Мемлекеттік органдардың е-қызмет көрсетулерінің дайын болуына қарай оларды е-үкіметтің порталы арқылы жүйелі түрде іске қосу жүзеге асырылады.

5.4.2. Банк жүйесімен өзара іс-қимыл үшін

"төлем шлюзін" қалыптастыру

Е-қызмет көрсетулерді пайдаланушылардың түрлі банктік төлем жүйелеріне бірегейлендірілген қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында төлеушіге банкті таңдау және деректер берудің ашық желісі арқылы қорғанған электрондық төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігін беретін "төлем шлюзі" іске асырылатын болады. Өзара іс-қимылдың мұндай тете заңды тұлғалар үшін де, жеке тұлғалар үшін де банк жүйесінде е-банкингті жеделдетіп дамытуды талап етеді.

Е-банкинг тетігі арқылы электрондық төлемдерді жүзеге асыру үшін е-қызмет

көрсетулерді пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын, неғұрлым тиімді төлем аспабы микропроцессорлық технология негізіндегі төлем карточкасы болып табылады. Микропроцессорлық карточкалар технологиясы екінші деңгейдегі банктерде карт-шоттарға салынған сомалар шегінде төлем транзакцияларын ашық желілер арқылы жүргізудің жеткілікті деңгейде сенімді әрі қауіпсіз болуын қамтамасыз етеді.

Деректерді берудің ашық желілерінен қорғалған банктік желілерге түсетін төлемдерді авторландыруға сұраныстар беруді жүзеге асыратын "төлем шлюзі" (маршрутизатор) Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің "Ұлттық процессингілік орталығы" АҚ техникалық базасында іске асырылып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмыс істейтін болады. Екінші деңгейдегі банктердегі өзара іс-қимыл ерікті негізде жүзеге асырылатын б о л а д ы .

Төлем карточкаларын пайдалана отырып Интернет арқылы мемлекеттік органдардың е-қызмет көрсетулері бойынша электрондық төлемдерді жүзеге асыру міндетін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 шілдедегі N 713 қаулысымен бекітілген Микропроцессорлық карточкалар негізінде Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін дамыту бағдарламасы шеңберінде іске асыру орынды.

5.4.3. Ұлттық сәйкестендіру жүйесін қалыптастыру

Е-қызмет көрсетулерді тұтынушыларды сәйкестендіру мен дәлме-дәлдікке келтіру міндеттерін іске асыру е-үкіметтің инфрақұрылымын қалыптастырудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Мемлекеттік органдармен құқықтық қатынастарда азаматтар мен ұйымдарды сәйкестендірудің бірыңғай ережелерінің болмауы заңды тұлғаның тіркеу нөмірі, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, әлеуметтік жеке код және тағы басқалары сияқты сәйкестендірудің өзіндік тетіктері бар ведомстволық ақпараттық жүйелер қ ұ р у ғ а ә к е п с о қ т ы .

Осындай қадамдардың салдарынан заңды тұлғалардың әділет, статистика, салық органдарында бірнеше рет тіркелу фактілері және бірнеше тіркеу құжаттарының болу қажеттігі орын алды. Субъекттердің тіркеу мәліметтерінің өзгеруін қадағалап отыру уақытша фактордың әсерінен, сондай-ақ әртүрлі тіркеу органдарының арасында тиімді ақпараттық өзара іс-қимылдың болмауынан к ү р д е л е н е т ү с е д і .

Аталған проблемаларды шешу үшін жеке тұлғаларға сәйкестендіру нөмірін, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге бизнес-сәйкестендіру нөмірін жинақтау және беру негізгі функциялары болып табылатын "Жеке тұлғалар" және "Заңды

тұлғалар" деген мемлекеттік дерекқор құру жөніндегі бұған дейін басталған іс-шаралар аяқталатын болады.

Қазақстан Республикасының мекен-жай кеңістігін бірегейлендіру және мекен-жайларды машиналық өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында әрбір мекен-жайға сәйкестендіру нөмірі беріле отырып, бірыңғай "Мекен-жай тіркелімі" құрылатын болады.

Аталған жүйелерді іске асыру субъектілерді тіркеу рәсімдерін, көрсетілетін е-қызмет көрсетулердің атаулылығын, ақпараттық жүйелерді құру мен дамыту, бірыңғай сәйкестендіру нөмірлерін қолдану негізінде ведомстволық ақпараттық жүйелер арасындағы өзара іс-қимылды жетілдіру жөнінде іс-шаралар үйлестіруді жеңілдету мақсатында жүзеге асырылады. Жеке және заңды тұлғалардың сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірлері мен атаулы ақпаратты қолдану саласында нормативтік құқықтық базаға тиісті өзгерістер енгізілетін болады.

Е-қызмет көрсетулерді тұтынушыларды дәлме-дәлдікке келтіру тетігін құру ақпарат алмасу кезінде сенімді қарым-қатынастар тізбегінің көмегімен электрондық цифрлық қол қою тетігін пайдалануға мүмкіндік беретін ашық кілттер инфрақұрылымын енгізу есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Ашық кілттер инфрақұрылымы пайдаланушылардың жеке жабық кілттерін олардың ашық кілттерімен байланыстыратын тіркеу куәліктерін қолдануға негізделеді. Ашық кілттер инфрақұрылымын енгізу үшін Қазақстан Республикасы жеке және заңды тұлғаларының электрондық цифрлық қолдарын арнаулы куәландыратын орталық құру жоспарланып отыр. Сәйкестендіру деректерін және электрондық цифрлық қол қоюдың кілттерін жинақтау, сақтау және қолдану үшін сенімді құрал ретінде смарт-технологияларды пайдалану ж о с п а р л а н у д а .

Қазақстан Республикасы жеке және заңды тұлғаларының электрондық цифрлық қолдарын куәландыратын орталық сертификаттау орталығының функцияларын жүзеге асыратын болады. Кілттерді тіркеу және беру үшін тіркеу орталықтары да құрылады.

Ұлттық сәйкестендіру жүйесін құру мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері мен ресурстарына рұқсат бойынша енуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

5.4.4. Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын қалыптастыру

Қазіргі уақытта мемлекеттік органдар тек қана өз мұқтаждарын бағдарға ала отырып, бір-біріне тәуелсіз және оқшауланған ақпараттық-коммуникациялық жүйелерін құруда. Бұл ретте, едәуір қаржылық және материалдық қаражат

шығындалады, бірыңғай қауіпсіздік саясаты жоқ, ведомствоаралық, деңгейаралық және аймақаралық өзара іс-қимыл ұйымдастыру проблемалары туындайды. Ведомстволық ақпараттық-коммуникациялық жүйелер бұқаралық байланыс желілерінен оқшауланып, жекеше сектор кәсіпорындарымен, қоғамдық ұйымдармен және халықпен тікелей қорғалған ақпараттық өзара іс-қимылды көздемейді.

Қазіргі заманғы цифрлық технологияларды пайдалана отырып, жоғарыда аталған проблеманы шешу үшін е-үкімет инфрақұрылымының рұқсат етілмеген енуден жоғары дәрежеде қорғауды, трафиктің барлық түрлерін беруді және телекоммуникациялық қызмет көрсетулердің ауқымды спектрін бөліп беруді қамтамасыз ететін қажетті құрамдас бөлігі ретінде мемлекеттік органдардың бірыңғай мультисервистік көліктік ортасы құрылатын болады.

Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасының құрылуы мен жұмыс істеуінің регламентін айқындау тиісті нормативтік құқықтық базаның әзірленуін талап етеді.

Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын құру тиімді әрі жоғары рентабельді инфрақұрылым ретінде:

ақпаратты қорғаудың бірыңғай саясатын жүргізуді;
мемлекеттік органдардың қолда бар ведомстволық ақпараттық жүйелерін біріктіруді;

мемлекеттік органдардың қолда бар ведомстволық телекоммуникациялық жүйелерінің ықпалдасын;

ақпарат беру жөніндегі сервистің кепілді сапасын ұсына отырып, мемлекеттік органдардың қорғалған мүмкіндікті желілерін құруды;

бірыңғай қоршалған шлюзді пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың Интернет ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

5.5. Ведомствоаралық және үлгілік ведомстволық ақпарат жүйелерін құру және дамыту

Мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстары мен жүйелерін бірегейлендіру және ықпалдастыру мақсатында ведомствоаралық және үлгілік ведомстволық ақпарат жүйелерінің жобалары іске асырылатын болады. Мұндай жүйелерге: ведомстволық және ведомствоаралық электрондық құжат айналымы, құжаттарды мұрағаттық сақтау, әкімшілік-басқару қызметінің ақпараттық жүйелері, салық төлеушілер мен салық салынатын объектілер тізілімі, үкіметтік Интернет-портал жатады.

Құжаттарды дайындау және оларды жүйеге енгізу, тіркеу, бөлу мен тарату, редакциялау және түрлендіру, жедел сақтау және мұрағатқа жіберу, іздеу мен

қарау, құжаттарды алу және жаңғырту, олардың орындалуын бақылау, қолжетімділікті шектеу, құжаттардан ақпарат алу және оған талдау жасауды қоса алғанда, мемлекеттік органдардағы құжат айналымының технологиялық процестерін автоматтандыру жөніндегі жұмыстар жалғасатын болады.

Мемлекеттік органдар үшін электрондық цифрлық қол қоятын арнаулы куәландыратын орталықты дамыту жөнінде, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдана отырып, Мемлекеттік органдар арасындағы ведомствоаралық құжат айналымы жүйесін құру және құжаттарды мұрағатта сақтауды ұйымдастыру жөніндегі жұмыстар жалғастырылады.

Бағдарлама шеңберінде мемлекеттік органдардың әкімшілік-басқару қызметін автоматтандырудың үлгілік ауқымды ақпараттық жүйесі әзірленетін болады, ол өзіне персоналды басқару, еңбекақы есептеу, қаржылық жоспарлау мен бухгалтерлік есеп жүргізу міндеттерін ықпалдастырады. Мұндай жүйені қазіргі заманғы жобалық шешімдерді қолдана отырып әзірлеу құбылмалы жағдайларға жедел бейімделуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және экономикалық тұрғыдан мақсатқа сай болады.

Ведомствоаралық және ведомстволық ақпараттық ресурстарда жинақталған ақпаратты тиімді басқаруды, шұғыл ден қоюды, әртүрлі ведомстволардағы мемлекеттік қызметшілердің топтасып жұмыс істеуін ұйымдастыруды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдардың регламенттелген қолжетімділігін ұйымдастыра отырып, Интернет-технологиялардың негізінде құрылған Интранет-порталы іске асырылатын болады.

Ведомстволық ақпараттық жүйелерді дамыту шеңберінде "Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған жүйесі" мен "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" жүйелерін құру және дамыту жөніндегі іс-шаралар жалғастырылатын болады.

5.6. Жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық ресурстары мен жүйелерін құру және дамыту

Азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы да жергілікті атқарушы органдар деңгейінде жүзеге асырылады.

Жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері өңірдің тыныс-тіршілік мәселелері, мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша жедел ақпарат беруге, азаматтардың өтініштерін қарау және қадағалау үшін "мүмкін қабылдау" функцияларын іске асыруға, электрондық нысандағы құжаттарға қолжетімділікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ жолаушы тасымалдау қызметін лицензиялау, қаланы абаттандыру және тағы басқалары сияқты е-қызметтер көрсетуге тиіс.

Өңірлерде е-үкіметтің бірыңғай сәулетінің талаптарына сәйкес келетін әрі

ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органмен келісілген ақпараттандыру жөнінде бағдарламалар әзірлеу қажет.

Е-үкіметтің бірыңғай аймақтық саясатын жүзеге асыру мақсатында жергілікті атқарушы органдардың қаржылық ресурстарын біріктіру жолымен бірқатар үлгілік жобалық шешімдер әзірлеу орынды.

Бірыңғай көліктік ортаны іске асыру жағдайында азаматтар мен ұйымдардың жергілікті атқарушы органдармен өзара электрондық іс-қимылдары е-үкіметтің бірыңғай порталы мен шлюзі арқылы жүзеге асырылады. Жергілікті атқарушы органдардың міндеттері өздерінің ақпараттық ресурстары мен жүйелерін қалыптастыру және дамыту базасында е-қызмет көрсетулер ұсыну болып т а б ы л а д ы .

Жергілікті атқарушы органдар көрсететін е-қызмет көрсетулер ведомстволық ақпараттық жүйелердің даму деңгейіне байланысты. Осыған орай, жергілікті атқарушы органдардың ведомстволық ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимыл жасасу регламентін әзірлеу орынды.

Ақпараттандыру және АКТ-ны кеңінен қолдануға жергілікті атқару органдарын ынталандыру жөніндегі аймақтық бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін бағалау мақсатында е-үкімет іс-шараларын іске асыру, аймақ тұрғындарының компьютерлік сауаттылығын арттыру жөніндегі ең үздік аймақты анықтауға конкурстар өткізілетін болады.

5.7. Е-үкіметтің ақпараттық инфрақұрылымын қорғауды қамтамасыз ету

Мемлекеттік органдардың е-қызмет көрсетулер ұсынуы ақпаратты қорғау үшін белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылатын болады, ол ақпараттың жоғары деңгейде қорғалуын және е-қызмет көрсетулерді пайдаланушылардың сенімін қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Осы мақсатта базалық құрамдас бөліктерге, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне қойылатын техникалық талаптар ескерілетін е-үкімет инфрақұрылымының ақпараттық қауіпсіздігі тұжырымдамасы әзірленетін болады. Тұжырымдамада құрылымды жетілдіру, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелер қауіпсіздігін материалдық-техникалық және кадрлық қамтамасыз ету мәселелері көрініс т а б а т ы н б о л а д ы .

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде ақпаратты қорғау саласындағы ұлттық стандарттар әзірленеді және/немесе халықаралық стандарттар қабылданатын болады, оларға сәйкес е-үкіметтің ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамыту кезінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптар

айқындалатын болады. Е-үкімет инфрақұрылымының құрамдас бөліктерін қалыптастыру аяқталуына қарай олардың әрқайсысы үшін қауіпсіздік саясатын айқындайтын нормативтік құжат әзірленеді.

Ақпараттық ресурстар мен жүйелерді қорғау жөніндегі үлгілік жобалық шешімдер әзірленетін болады, олар е-қызмет көрсетулерді жобалау сатысында ақпараттардың қорғалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

"Open source" (бағдарламалық қамтамасыз етуді түрлендіруге және еркін пайдалануға құқық беруші, компьютерлік бағдарламаларды лицензиялауды әзірлеу әдістемесі) технологиясы базасында қорғалған ұлттық операциялық жүйені құру жөніндегі іс-шараларды жүргізу жоспарланып отыр.

Е-үкімет инфрақұрылымының сапалы әрі сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында нормативтік актілерге, тұжырымдама талаптарына және ақпараттық қауіпсіздік саясатына сәйкестігін сертификаттау жүйесі құрылатын болады. Мемлекеттік ақпараттық жүйелердің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған техникалық тапсырмаларды келісудің бірыңғай тәртібі айқындалатын болады.

Интернеттің қазақстандық сегментінің домен кеңістік мемлекеттік реттеу домендерді бөлудің бірыңғай тәртібін белгілеу және kz доменін басқару орталығын құру жөніндегі жұмыстарды жүргізу арқылы қамтамасыз етілетін болады.

5.8. Бағдарламаны орындауда қоғамдық қолдауды қамтамасыз ету

Е-үкіметтің бастамаларын іске асыруға қоғамдық мүддені қалыптастыру мақсатында Бағдарлама бұқаралық ақпарат құралдарында және Интернетте кең жарнамалық-насихаттық қолдауға ие болуға тиіс.

Осы бағыт шеңберінде іске асырылатын негізгі міндеттерге мыналар жатады: мемлекеттік органдардың е-қызмет көрсетулерін дамыту мен қолдау үшін ын т а л а н д ы р у ғ а ж а ғ д а й ж а с а у ; е-қызмет көрсетулерді пайдалануға азаматтар мен ұйымдардың тұрақты қы з ы ғ у ш ы л ы ғ ы н қ а л ы п т а с т ы р у .

Бағдарламаға қоғамның назарын аудару, оны іске асыруда мемлекеттік органдар тарапынан қолдау көрсетілуін жүзеге асыру АКТ бойынша көрмелер өткізу мен оларға қатысуды қоса, мемлекеттік органдар, бизнес және ғылым өкілдерінің көпшілік алдында сөз сөйлеуін ұйымдастыруды, талдама шолуларды жариялауды, сондай-ақ жарнама материалдарын таратуды қоса алғанда, кеңінен ақпараттық сүйемелдеу есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Бағдарламаны іске асыру мәселелері бойынша жыл сайынғы

ғылыми-практикалық конференциялар, іске асырылатын іс-шаралардың алға қойылған міндеттерге сәйкестігіне салалар бойынша түрлі конкурстар өткізу жоспарланып отыр.

Бағдарламаны іске асыру барысын жариялап отыратын сайт құрылады және оған тұрақты қолдау көрсетіледі.

Бағдарламаны іске асыру нәтижелерін, сондай-ақ жаңа е-қызмет көрсетулерді пайдаланушылардың бейімделу дәрежесін талдау Бағдарлама шеңберінде өткізілетін іс-шаралар мониторингі арқылы жүзеге асырылатын болады.

5.9. Бағдарламаны іске асыру тетігі

Бағдарламаны орындау іс-шаралар жоспарын және салалық, өңірлік ақпараттандыру бағдарламаларын іске асыру жолымен жүзеге асырылады.

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаулысымен құрылған ведомствоаралық комиссия жүзеге асыратын болады.

Бағдарламаны бақылау мен іске асыруды ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті орган, ал салалық және өңірлік ақпараттандыру бағдарламаларын бақылау мен іске асыруды тиісті мемлекеттік органдар жүзеге асыратын болады.

Бағдарламаның іс-шараларын орындау кезінде бірыңғай техникалық саясатты іске асыру мақсатында ақпараттандыру саласындағы ұлттық операторға е-үкімет инфрақұрылымының жүйелік ықпалдастырушысының функциялары, сондай-ақ ведомствоаралық ақпараттық жүйелер, мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы жобаларын басқару және техникалық сүйемелдеу функциялары жүктелетін болады.

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның жанында ұйымдастыру мен әдістемелік міндеттердің шешілуін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың ақпараттық қызметтері басшыларының кеңесі ұйымдастырылатын болады.

Жеке ақпараттандыру қызметтері жоқ мемлекеттік органдарда АКТ-ны енгізу процестерінің сапалы түрде жоспарлануын қамтамасыз ету үшін ақпараттандыру саласындағы ұлттық оператордың өкілдерінен тұратын тиісті бөлімшелер құрылатын болады. Бұл бөлімшелердің негізгі міндеті мемлекеттік органды ақпараттандыру кезінде бірыңғай техникалық саясатты жүргізу, ал қажет болған жағдайда қолданыстағы жүйелерді әкімшілендіру және жүйелік-техникалық қызмет көрсету болып табылады.

6. Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты, сондай-ақ бюджеттен тыс көздер есебінен жүзеге асырылатын болады.

Жоспарланып отырған іс-шаралар бойынша сараптамалық бағалардың және мемлекеттік секторда іске асырылатын ақпараттық жүйелер бойынша есептердің негізінде қаржы ресурстарының жалпы көлемі:

республикалық бюджет қаражатынан - 51,9 млрд. теңгені құрайды (31,9 млрд. теңге сомасындағы мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын құруға арналған шығындарды қоса алғанда), оның ішінде 2005 жылға - 4,5 млрд. теңге, 2006 жылға - 25,3 млрд. теңге, 2007 жылға - 22,1 млрд. теңге;

жергілікті бюджет қаражатынан - жылына 150 млн. теңге; сондай-ақ жекеше инвестициялар, халықаралық және отандық қаржы ұйымдарының гранттары.

Бұдан басқа, 2005 жылы Астана қаласының аймағында бірыңғай көліктік ортаны құру бойынша пилоттық жобаны іске асыруға 1,060 млрд. теңге сомасында қосымша қаржыландыру көзделеді.

Іс-шаралар бойынша бөлігінде қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген осы Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында көрсетілетін болады.

Тиісті бюджеттен қаржыландыру көлемін өзгерту бөлігінде Бағдарламаға түзетулер енгізу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер және оның индикаторлары

Бағдарлама іс-шараларын орындау шеңберінде азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік қызмет көрсетулерге жылдам әрі сапалы қолжеткізілімін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау және АКТ-ны кеңінен қолдану арқылы мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігін арттыру көзделіп отыр.

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:

мемлекеттік органдардың әкімшілік рәсімдерін оңтайландыру үшін жағдайлар жасалатын болады және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері мен мемлекеттік ресурстарын ықпалдастыру жүзеге асырылады;

мемлекеттік органдардың бірыңғай қорғалған мультисервистік көліктік ортасы ұйымдастырылатын болады. Жоба іске асырылғаннан кейінгі 8 жылдың ішінде бюджеттік қаражатты үнемдеу есебінен инвестицияларды қайтару болжанады;

мемлекеттік органдарды ақпараттандыруға арналған шығыстар

оңтандырылатын болады;

2005 жыл ішінде мемлекеттік органдар ұсынатын қызмет көрсетулердің 15 %-ы электрондық нысанда іске асырылатын болады;

мемлекеттік қызмет көрсетулер уақыты қысқартылады;

2006 жылы мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін енгізу аяқталады;

2007 жылдың соңына қарай:

"электрондық үкіметтің" базалық құрамдас бөліктері құрылатын болады, оларға е-үкіметтің порталы мен шлюзі, "төлем шлюзі", ұлттық сәйкестендіру жүйесі, мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы, жүйекұраушы деректер базасы жатады;

ұлттық сәйкестендіру жүйесінің шеңберінде азаматтың жекебас куәлігінің нөмірін, салық төлеушінің тіркеу нөмірін, азаматтың әлеуметтік жеке кодын және басқаларын біріктіретін сәйкестендіру нөмірлері жүйесін жүргізуге көшу жүзеге асырылатын болады;

мемлекеттік органдардың электрондық қызмет көрсетулеріне неғұрлым кең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында кемінде 50 қоғамдық қолжетімді пункт құрылатын болады;

кемінде 25 интерактивті қызмет көрсетулер ұсынылып, сондай-ақ транзакциялық қызмет көрсетулерді іске асыру үшін жағдайлар жасалатын болады, мемлекеттік органдардың электрондық қызмет көрсетулерін пайдаланатын азаматтар мен ұйымдардың үлесі 2-3 есеге ұлғайтылады;

ұлттық сәйкестендіру жүйесі құрылатын болады, Қазақстан Республикасының экономикалық белсенді халқының 15-18%-ы смарт-технологиялар негізінде жаңа үлгідегі жеке куәліктер алады;

мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері мен ресурстарын тиімді қорғау қамтамасыз етілетін болады;

салық төлеушілер мен фискалды органдардың өзара іс-қимылы рәсімдерін жеңілдету есебінен салықтар мен бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер жинауды ұлғайту жоспарланып отыр;

пайдаланушылардың компьютерлік білімділік деңгейін 2004 жылмен салыстырғанда Қазақстанның кәметке толған жұртшылығы санының 26,5 %-ына көтеру жоспарланып отыр;

іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 ақпандағы N 168 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасымен бірге қоғамдық қолжетімді пункттер үшін арнайы тарифтер белгіленіп, оны одан әрі 2 есеге төмендету үшін жағдайлар жасау жоспарлануда; тұрғыны 50 адамнан асатын 7523 ауылдық елді мекеннің барлығына телефон

орнатып, телефонның жиілігін 100 тұрғынға шаққанда 9 телефонға дейін жеткізу жоспарланады ;

2007 жылдың аяғына қарай Интернетке қосылған мектептер санын 100 %-ға жеткізу жоспарланып отыр ;

АКТ саласындағы білім деңгейін көтеру шеңберінде мектептердегі 1 компьютерге шаққанда оқушылар санын 54-тен 36-ға дейін төмендету, қашықтан оқыту спутниктік арнасына қосылған мектептер санын 8,7%-дан 20,8%-ға ұлғайту жоспарланып отыр.

Қазақстан Республикасы Президентінің
2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471

Жарлығымен бекітілген

Қазақстан Республикасында

"электрондық үкімет"

калыптастырудың 2005-2007 жылдарға

арналған мемлекеттік бағдарламасына

ҚОСЫМША

Азаматтардың тыныс-тіршілігі мен ұйымдардың жұмыс істеуінің негізгі салаларына сәйкес е-үкіметтің базалық қызмет көрсетулерінің ТІЗБЕСІ

1. Салықтық және кедендік міндеттемелер

1. Уәкілетті органдардың деректері негізінде салық салу объектілері және салық салумен байланысты объектілер туралы ақпарат ұсыну (Салық төлеушілер мен салық салу объектілерінің тізілімі).

2. Салық органдарында тіркеу есебінде тұрған салық төлеушілер, қосылған құн салығын төлеушілер туралы ақпарат ұсыну.

3. Қосылған құн салығын төлеушілерді тіркеу, салық төлеушінің дербес тіркеу деректерін өзгерту.

4. Электрондық салық есептерін қабылдау мен өңдеу, электрондық салық есептерін салық төлеушінің терминалы арқылы салық органдарының офистерінен жөнелту жөнінде қызмет көрсетулер ұсыну.

5. Бюджетпен есеп айырысудың жай-күйі туралы ақпарат ұсыну.

6. Қазақстан Республикасының салық заңнамаларын түсіндіру, электрондық "қызу желілерді" өткізу.

7. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер енгізуді

жұртшылықтың қашықтықтан талқылауы.

8. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдарға бюджеттің кіріс бөлігінің және салық төлеушілердің кемалымдарының жай-күйі туралы ақпарат ұсыну.

9. Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес құжаттардың және есеп берудің электрондық нысандарын қабылдау.

10. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға кеңес беру мен ақпараттық қолдау көрсетуді қамтамасыз ету.

11. Азаматтар мен ұйымдар кедендік операциялар жасаған кезде мәліметтер ұсыну көзделеді.

2. Кәсіпкерлік және бизнес

12. Заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу, тарату) жөнінде ақпараттар ұсыну.

13. Электрондық мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру.

14. Жылжымалы және жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу және ресімдеу туралы ақпарат.

15. Мүлікті бағалауға лицензиаттардың мемлекеттік тізілімінен мәліметтер ұ с ы н у .

16. Тауарлар мен қызмет көрсетулер нарығындағы баға туралы ақпараттар ұ с ы н у .

17. Инвестициялық (инновациялық) жобалар ("мүмкіндікті технопарк") туралы а қ п а р а т т а р ұ с ы н у .

18. Кәсіпкерлік және бизнес мәселелері бойынша азаматтар мен ұйымдардың арыздарын қабылдау.

3. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту

19. Жұмыссыз азаматтардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу және біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс берушілердің тапсырысы бойынша м а м а н д а р і з д е с т і р у .

20. Жинақтаушы зейнетақы қорларымен байланысты өтініштер мен құжаттарды, шарттарды ресімдеу.

21. Салымшылар қаражатының түсуі мен қозғалысы туралы ақпарат беру, зейнетақы жинақтарын беру жөніндегі өтініштерді ресімдеу.

22. Зейнетақымен қамсыздандыру және жұмыспен қамту мәселелері бойынша азаматтардың өтініштерін қабылдау.

23. Шетелдік жұмыс күшін тартудың ережелері туралы ақпарат беру, шетелдік жұмыс күшін тартумен және Қазақстан Республикасынан жұмыс күшін әкетумен байланысты лицензиялар ұсыну.

4. Білім, ғылым және денсаулық сақтау

24. Қазақстан Республикасы халқының денсаулығы мен медициналық ұйымдар қызметінің негізгі көрсеткіштері бойынша ақпарат ұсыну.

25. Тіркелген дәрілік заттар, дезинфекция және дератизация құралдары бойынша, Қазақстан Республикасына әкелуге және қолдануға тыйым салынатын заттар мен өнімдер бойынша ақпарат ұсыну.

26. Білім, ғылым және денсаулық сақтау салаларында қызмет көрсетулерге лицензиясы бар ұйымдар бойынша ақпарат ұсыну.

27. Медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейінде ауруларды диагностикалау және емдеу мәселелері бойынша ақпарат ұсыну.

28. Жоғарғы оқу орындарының, ғылыми және медициналық ұйымдардың сапалық және сандық құрамы бойынша ақпарат ұсыну.

29. Білім және ғылым ұйымдары қызметінің негізгі көрсеткіштері бойынша а қ п а р а т ұ с ы н у .

30. Білім беру және медициналық қызмет көрсетулер мәселелері бойынша азаматтардың өтініштерін қабылдау көзделеді.

5. Заңдылық және құқық тәртібі

31. Мемлекеттік тізілімге және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің үлгілі бақылау банкісіне қолжетімділікті ұсыну.

32. Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша ақпарат ұсыну.

33. Құқық тәртібін сақтау мәселелері бойынша азаматтардың арыздарын қ а б ы л д а у .

34. Құқық тәртібін қамтамасыз ету органдарына қызметке кіру туралы а қ п а р а т ұ с ы н у .

35. Құқық тәртібі органдарының оқу орындарына түсу үшін өтінімдер қабылдау мен тіркеу және қажетті мәліметтер жинау.

6. Экономика және сауда

36. Мемлекеттік бюджетті қалыптастырудың мәселесі бойынша, әлеуметтік-экономикалық және фискалды саясатты іске асыру, Қазақстанның

элеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйі мен болжамдары туралы ақпарат ұсыну.

37. Елдің көлік-коммуникация кешені: автомобиль жолдары, азаматтық авиация, аэроғарыш кешендері туралы ақпарат ұсыну.

38. Ауыл шаруашылығындағы элеуметтік-экономикалық жағдай жөнінде, сондай-ақ өсімдіктерді қорғау және карантин саласы бойынша ақпарат ұсыну.

39. Өнертабыстарды және инновациялық жобаларды енгізуді қаржыландыру жөніндегі құжаттар қабылдау.

40. Жер қойнауын пайдалануға лицензия алу үшін құжаттар қабылдау.

41. Жер қойнауын пайдаланудың барлық объектілері, оның ішінде жер қойнауын пайдалану құқықтарын алу үшін конкурсқа шығарылатындары туралы ақпарат ұсыну.

42. Жер қойнауын пайдалану құқықтарын алу үшін конкурстар мен келісім-шарттар туралы ақпарат ұсыну.

43. Коммуналдық қызмет көрсетулер тарифтерін қалыптастыру мен бекітудің тәртібі туралы ақпарат ұсыну.

44. Қазақстан Республикасының әртүрлі өңірлерінде қолданылып отырған коммуналдық тарифтер туралы мәліметтер ұсыну.

45. Коммуналдық қызмет көрсететін жеткізуші мекемелердің осындай қызмет көрсету үшін көпшілік шарттарын жасасуы жөнінде заң кеңестерін ұсыну.

46. Электр және жылу энергиясын өндіруге, беруге және сатуға, сумен жабдықтаумен, кәрізбен, телефон байланысы қызметін көрсетумен қамтамасыз етуге мемлекеттік лицензиялары бар ұйымдар бойынша ақпарат ұсыну.

47. Экономика, сауда және коммуналдық қызмет көрсетулермен қамтамасыз ету мәселелері бойынша азаматтардың өтініштерін қабылдау.

48. Жерді санаты мен алқаптары, сандық, сапалық ерекшеліктері бойынша бөлу туралы ақпарат ұсыну.

49. Қазақстан Республикасының сыртқы сауда статистикасы бойынша ақпарат ұсыну.

50. Кедендік құжаттарды қалыптастыру және қабылдау.

7. Қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және төтенше жағдайлардағы басқару

51. Елді мекендердің және меншік нысанына қарамастан, шаруашылық объектілерінің өрттен қорғалуын күшейту жөнінде ұсынымдар ұсыну.

52. Мемлекеттік өрт қадағалау ұйғарымдары туралы ақпарат ұсыну.

53. Объектілерде өртке қарсы қызметті ұйымдастыру туралы ұсыныстар енгізу және осы мәселелерді шешуге қатысу.

54. Өртке қарсы жабдықтарды монтаждаумен, баптаумен және техникалық қызмет көрсетулермен байланысты қызметті лицензиялау жөнінде ақпарат ұсыну .

55. Қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу мәселелері бойынша азаматтардың өтініштерін қабылдау.

56. Мерзімді әскери қызметке, келісім-шарт бойынша қызметке шақырудың тәртібі жөнінде, сондай-ақ жергілікті әскери басқару органдары бойынша а қ п а р а т ұ с ы н у .

57. Қазақстан Республикасының әскери-оқу орындары, оқыту ережелері, оқуға түсудің тәртібі мен шарттары бойынша ақпарат ұсыну.

8. Қоршаған ортаны қорғау

58. Қоршаған ортаның жай-күйі мен ластануы, жекелеген объектілердегі экологиялық жағдай, шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсері туралы а қ п а р а т ұ с ы н у .

59. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы стратегиялық құжаттарды іске асырудың барысы туралы ақпарат ұсыну.

60. Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңнамаларын бұзушылар және оларға қатысты қолданылған шаралар туралы ақпарат ұсыну.

61. Табиғат қорғау іс-шараларына инвестициялар салу және қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер жасау туралы ақпарат ұсыну.

62. Табиғи ресурстардың кадастрлары деректеріне қолжетімділікті ұсыну.

63. Ауа райы болжамы туралы ақпарат ұсыну.

64. Табиғат қорғау іс-шараларына инвестициялар салу, қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер жасау және Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңнамасын бұзу нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу т у р а л ы а қ п а р а т ұ с ы н у .

65. Қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша азаматтардың өтініштерін қабылдау.

9. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік

66. Спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалар тізіміне және республикалық спорттық іс-шаралар күнтізбесіне қолжетімділікті ұсыну.

67. Дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызмет көрсетулер жөніндегі қызметті лицензиялау туралы ақпаратты, сондай-ақ қызмет көрсетулерге арналған лицензиясы бар ұйымдар туралы мәліметтер ұсыну.

68. Дене шынықтыру және спорт саласындағы республикалық қоғамдық

бірлестіктерді аккредиттеу туралы ақпарат ұсыну.

69. Қазақстан Республикасы спортшыларының халықаралық және республикалық жарыстарға қатысуы туралы ақпарат ұсыну.

70. Қазақстан Республикасының халықаралық туристік көрмелерге қатысуы және туристік іс-шаралар өткізу туралы ақпарат ұсыну.

71. Қазақстан Республикасының мәдениет және өнер ұйымдары туралы а қ п а р а т ұ с ы н у .

72. "Қазақстанның кино анықтамалығы" каталогының деректеріне қ о л ж е т і м д і л і к т і ұ с ы н у .

73. Тарих және мәдениет ескерткіштері тізімдеріне қолжетімділікті ұсыну.

74. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің археологиялық және қайта қалпына келтіру жұмыстарына байланысты қызметті лицензиялау туралы а қ п а р а т ұ с ы н у .

75. Жастар саясаты мәселелері бойынша азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қабылдау және қарау.

76. Мемлекеттік ақпараттық саясат, теледидар және/немесе радиохабарлар таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметті лицензиялау, бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу мәселелері бойынша ақпарат ұсыну.

77. Саяси партиялармен, қоғамдық бірлестіктермен, үкіметтік емес ұйымдармен, кәсіптік одақтармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша ақпарат ұ с ы н у .

78. Кітап маркетингі және баспа-полиграфиялық сала мәселелері бойынша а қ п а р а т ұ с ы н у .

79. Мәдениет, спорт және туризм, бұқаралық ақпарат құралдары, баспа-полиграфиялық сала және ішкі саяси тұрақтылық мәселелері бойынша азаматтардың өтініштерін қабылдау.

80. Әлеуметтану, саясаттану және өңіртану мәселелері бойынша мақалалар ж а р и я л а у .

81. Баспаханалар, көбейту учаскелерін ашуға, түрлі-түсті көбейту техникасын әкелуге және пайдалануға рұқсаттар беру.

82. Бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін эфирге шығару құқығын беру үшін құжаттар ресімдеу жөніндегі консультациялық қызмет көрсету.

10. Дипломатия және халықаралық байланыстар

83. Консулдық заңдастыру мәселелері бойынша ақпарат ұсыну.

84. Қазақстан Республикасының визаларын берудің тәртібі, дипломатиялық

және қызметтік төлқұжаттарды ресімдеудің тәртібі туралы ақпарат ұсыну.

85. Қазақстан Республикасына (Республикасынан) кіру (шығу) мәселелері бойынша азаматтардың өтініштерін қабылдау.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК